

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік  
Қазақстан университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2020 жылғы 12 желтоқсандағы  
№3 шешімі)  
БЕКІТІЛДІ



«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»  
КеАҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі  
комитет туралы  
ЕРЕЖЕСІ

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - қоғам) кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің мәртебесін, құрамын, сайлануын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің құзыретін, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.
2. Комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - Директорлар кеңесі) консультативтік - кеңесші органы болып табылады. Комитет әзірлеген барлық ұсыныстар Директорлар кеңесінің қарауына берілетін ұсынымдар болып табылады.
3. Ереже қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
4. Комитет Директорлар кеңесіне есеп береді, Директорлар кеңесі және осы Ереже берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.
5. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның жарғысын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, осы Ережені және Директорлар кеңесінің басқа да шешімдерін басшылыққа алады.
6. Қоғамның жарғысында Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комитеттің шығарылған ұсынымдары Директорлар кеңесі бекіткен жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен қарау және шешім қабылдау үшін Жалғыз акционерге жіберіледі.

**2. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ, САЙЛАНУЫ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ**

7. Комитеттің құрамы Директорлар кеңесі мүшелерінің және комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардың қатарынан